

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Астана қ.

2025 ж. ноябрь 24

**Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының «Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын** атынан, бұдан әрі «1-тарап» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін Директоры Пан Наталья Виссарионовна, бірінші тараптан және

«Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы атынан, бұдан әрі «2-тарап» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы – Ректоры Турмухамбетова Анар Ақылбековна, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталып, білім, ғылым және құқық салаларында екі жақты ынтымақтастықты дамытуға өзара мүдделілік білдіре отырып, өзара түсіністік пен өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, төмендегілер бойынша осы Ынтымақтастық туралы Меморандумы (бұдан әрі – Меморандум) жасасты:

### 1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ

1. Осы Меморандумның мақсаты тараптардың өзара қызығушылығын тудыратын білім, ғылым мен құқық салаларындағы ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

### 2. МЕМОРАНДУМДЫ ІСКЕ АСЫРУ НЫСАНДАРЫ

2. Осы Меморандумды іске асыру үшін Тараптар:

- 1) өзара қызығушылық тудыратын салаларда ғылыми ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу;
- 2) осы Меморандум шеңберінде әзірленген біліммен, құзыреттермен және табысты практикамен өзара алмасуға;
- 3) зерттеулердің басым бағыттары бойынша заманауи технологиялар мен әдістерді әзірлеу және енгізу саласында тәжірибе алмасуға;
- 4) ғылыми зерттеулер жөніндегі басылымдармен, материалдармен, оқу және ғылыми әдебиеттермен алмасуға ықпал етуге;
- 5) бірлескен конференциялар, семинарлар, дөнгелек үстелдер және өзге де ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру;
- 6) ғылыми кеңес алу үшін мамандарды тартуға және заңнаманы әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарына қатысуына ықпал ету;
- 7) ынтымақтастық процесінде Тараптармен келісілген басқа да көмек түрлерін көрсетуге келіседі.

3. Тараптар ынтымақтастықтың шарттары, тақырыптары, қатысушылары мен бағыттары келісілгеннен кейін Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған, бірлескен бағдарламалар, жобалар бойынша бөлек жасалған шарттар негізінде тараптардың арасындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға уағдаласады.

4. Тараптар өзара келісім бойынша жеке шақыру негізінде тағылымдаманың ғылыми және басқа да түрлерін, сондай-ақ мүмкіндік болған жағдайда білім алушылардың практикасының барлық түрлерін жүзеге асырады.

5. Осы Меморандум халықаралық міндеттемелер тудырмайды және Тараптарға заңды және қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

### 3. ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ.

#### МЕМОРАНДУМНЫҢ ШАРТТАРЫН ӨЗГЕРТУ/ТОЛЫҚТЫРУ

6. Осы Меморандум оған екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде әрекет етеді.

7. Меморандум Тараптардың бірінің жазбаша хабарламасы негізінде бұзылуы мүмкін және екінші Тарапқа Меморандумды бұзу туралы хабарлама жіберілген күннен бастап 1 (бір) ай өткен соң, өзінің әрекет етуін тоқтатады.

8. Осы Меморандум, егер Тараптардың бірі кезекті кезең аяқталғанға дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын жазбаша түрде екінші Тарапқа оның әрекет етуін тоқтату ниеті туралы хабарлама жібермесе, келесі үш жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

9. Осы Меморандумға кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды болады. Осы Меморандумға Қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

10. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз, осы Меморандум бойынша өз құқықтарын үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

#### **4. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ**

11. Тараптар келесідей өзара әрекеттеседі:

1) бірлескен жобаларды іске асыруға, оның ішінде Тараптардың мамандарын тарту арқылы қатысады;

2) екінші Тарапқа тиесілі ақпаратты Меморандумның мақсаттарына қол жеткізу үшін ғана пайдаланады;

3) екінші Тарапқа осы Меморандумда айқындалған бірлескен қызмет бағыттары бойынша жұмыс істеу үшін қажетті ақпаратты береді;

4) осы Меморандумның мәтіні мен шарттарына кірмеген, бірақ тараптардың мүдделері мен іскерлік беделін қозғайтын, ол бойынша тараптардың қатынастарынан тікелей немесе жанама туындайтын барлық мәселелер бойынша Тараптардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін қорғау қажеттілігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын басшылыққа алады.

#### **5. ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАР**

12. Осы Меморандум оған қол қойған Тараптар үшін қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

13. Осы Меморандум өтеулі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді орындау үшін Тараптар арасында шарт жасасуға кедергі келтірмейді. Қаржылық және басқа міндеттемелер тиісті шарттар күшіне енген күннен бастап туындайды.

#### **6. ФОРС-МАЖОРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР**

14. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, төтенше жағдайлар және т.б.) туындаған жағдайда Тараптар осындай мән-жайлар туралы бір-бірін хабардар етеді және мүмкіндігінше одан әрі өзара іс-қимыл жолдарын талқылайды.

15. Осы Меморандумның ережелерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған Тарап екінші Тарапты осындай мән-жайлардың басталғаны және тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.

16. Тиісті уәкілетті органдар мен ұйымдар берген құжаттар жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың бар екендігінің тиісті дәлелі болып табылады.

#### **7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

17. Осы Меморандум Тараптардың әрқайсысының бастамасы бойынша талқылау үшін ұсынылуы мүмкін ынтымақтастықтың өзге де нысандарын жоққа шығармайды.

18. Осы Меморандумға қатысты даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келіссөздер жолымен шешілетін болады.

19. Ынтымақтастық жөніндегі нақты шаралар, оларды жүргізу мерзімдері Тараптардың мүдделі бөлімшелері жасайтын жұмыс бағдарламаларында және хаттамаларда айқындалатын болады.

20. Осы Меморандум екі данада, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Екі дана да тең және бірдей заңды күшке ие. Тараптардың әрқайсында осы Меморандумның бір данасы болады.

## 8. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ҚОЛДАРЫ

**Материалдық-техникалық  
камтамасыз ету басқармасының  
«Парламентаризм институты»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы  
республикалық мемлекеттік  
кәсіпорын**

010000, Қазақстан Республикасы,  
Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8/2,  
«Алтын Орда» бизнес-орталығы



**Директор**

**Н.В. Пан**

**(КОЛЫ)**

**«Астана медицина университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

010000, Қазақстан Республикасы,  
Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 49А



**Басқарма төрағасы - Ректор**

**А.А. Турмухамбетова**

**(КОЛЫ)**